

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2026 жылғы 29 мамырдағы № ДЗ-184

Құрметті депутаттар!

Сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың қазіргі заманғы нысандарына байланысты төлем қызметтерінің салық режимі мәселесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Салық кодексін енгізу жөніндегі жобалық кеңсенің қарауына шығаруға қатысты

Жаңа Салық кодексінің қолданысқа енгізілуімен салықтық жеңілдіктерді беру (ұзарту) тетігі өзгерді.

Салық кодексінің 34-бабының 4-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар жетекшілік ететін салалар бойынша салықтық жеңілдіктерді беру не ұзарту қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен салық саясаты саласындағы уәкілетті органға тиісінше негізделген материалдарды жіберуге міндетті.

Көрсетілген тәртіп Үкіметтің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 993 қаулысымен бекітілген және барлық мемлекеттік органдар үшін міндетті болып табылады.

Сонымен қатар қазіргі уақытта бұл мәселе Ұлттық Банктен (бұдан әрі – ҰБ) пысықталып жатыр және жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша Үкімет жанындағы Салық Кодексін енгізу жөніндегі жобалық кеңсе отырысының қарауына шығарылатынын болады.

Қажетті есептеулерді жүргізу және қолданыстағы тәсілдің бизнес үшін төлемдерді қабылдау құнына, сауда және қызмет көрсету субъектілерінің шығындарына, сондай-ақ түпкілікті тұтынушыға әсерін ресми бағалауды ұсынуға қатысты

Қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту ақша ағындарының ашықтығын арттырудың, көлеңкелі айналымды қысқартудың, қаржы мониторингінің

тиімділігін арттырудың және экономиканы одан әрі цифрландырудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Эквайринг үшін комиссия қолма-қол ақшасыз төлемдерді (банк карталарымен, QR-кодтармен және өзге де цифрлық тәсілдермен төлеуді қоса алғанда) қабылдау инфрақұрылымын қамтамасыз ету үшін төленетін төлемді білдіреді. Оның мөлшері нарық қағидаттарында қалыптасады, бизнес айналымының көлеміне және төлем құралының ерекшелігіне байланысты және салық төлеуші қолданатын салық салу режиміне байланысты емес.

Әлеуметтік маңызы бар объектілерді қоса алғанда, бөлшек сауда секторы үшін ҚҚС әкімшілендіру тәртібі тек қолданыстағы салық заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады.

ҚҚС бойынша міндеттемелер төлем нысанына (қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз) қарамастан, қолданылатын арнаулы салық режиміне және заңда белгіленген ең төменгі айналымның шекті мәндеріне сүйене отырып, жалпы тәртіппен реттеледі.

Қолданыстағы реттеудің ұлттық төлем инфрақұрылымын, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуларды, QR-төлемдерді, мобильді аударымдарды және өзге де цифрлық қаржы сервистерін дамытуға әсерін талдауды ұсынуға қатысты

ҰБ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша төлем тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттің қаржылық қауіпсіздігін арттыруға және шетелдік карточкалық инфрақұрылымға тәуелділікті төмендетуге бағытталған Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын (бұдан әрі – ҰЦҚИ) дәйекті дамытуды жүзеге асыруда.

Қазіргі уақытта ҰЦҚИ банкаралық төлемдерді, мемлекеттік төлемдерді, қор және валюта нарықтарының есеп айырысуларын қоса алғанда, елдегі барлық қолма-қол ақшасыз айналымның шамамен 90 %-ын өңдейді.

2025 жылы ҰЦҚИ шеңберінде бүгінгі күннің өзінде үлесіне елдегі барлық банкаралық P2P-аударымдардың (бөлшек мобильді және карточкалық аударымдар) шамамен 34 %-ы келетін жаңа төлем компоненттері – телефон нөмірі бойынша банкаралық аударымдар және QR-төлемдер сервистері, сондай-ақ ұлттық цифрлық валютадағы есеп айырысулар үшін Цифрлық теңге платформасы іске қосылды.

Осы жүйелерді өнеркәсіптік іске қосу «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 16 қаңтардағы Заңына сәйкес 2026 жылғы 19 шілдеге жоспарланған.

Теңгерімсіздік расталған жағдайда Қазақстан Республикасының Салық кодексіне түзетулер дайындау кезінде тиісті шараларды ескеруге қатысты

Ұлттық экономика министрлігі салық заңнамасын реформалау кезінде жүйелілік және байсалдылық қағидатын ұстанады.

Іскерлік белсенділікке не төлем жүйесінің дамуына теріс әсер ететін теңгерімсіздіктер анықталған және расталған жағдайда, бұл мәселе Үкімет жанындағы Салық кодексін енгізу жөніндегі жобалық кеңсенің алаңында қаралуы мүмкін.

Барлық түзетулер сындарлы диалог, салық төлеушілердің мүдделерін қорғау және елдің макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету негізінде бизнес-қоғамдастықпен («Атамекен» ҰКП) талқылау және келісу рәсімінен өтетін болады.

ҰБ Салық кодексіне түзетулерге бастама жасап, оң қорытынды алған жағдайда, тиісті бастама жан-жақты қаралып, оның қорытындысы бойынша белгіленген тәртіппен шешім қабылданатын болады.

Сонымен қатар бизнесті қолдау шараларын іске асыру Үкіметтің ерекше бақылауында екенін атап өткен жөн.

С. Жұманғарин

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-184 от 29 мая 2026 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев запрос, сообщаю следующее.

Касательно вынесения вопроса налогового режима платежных услуг, связанных с современными формами безналичных расчетов, на рассмотрение Проектного офиса по внедрению Налогового кодекса при Правительстве Республики Казахстан

С введением в действие нового Налогового кодекса изменился механизм предоставления (продления) налоговых льгот.

В соответствии с пунктом 4 статьи 34 Налогового кодекса уполномоченные государственные органы в случае необходимости предоставления либо продления налоговой льготы по курируемым отраслям обязаны направлять в уполномоченный орган в области налоговой политики надлежаще обоснованные материалы в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан.

Указанный порядок утвержден постановлением Правительства от 21 ноября 2025 года № 993 и является обязательным для всех государственных органов.

Вместе с тем данный вопрос в настоящее время прорабатывается с Национальным Банком (*далее – НБ*) и по итогам проведенной работы будет вынесен на рассмотрение заседания Проектного офиса по внедрению Налогового кодекса при Правительстве.

Касательно проведения необходимых расчетов и представления официальной оценки влияния действующих подходов на стоимость приема платежей для бизнеса, издержки субъектов торговли и сферы услуг, а также на конечного потребителя

Развитие безналичных платежей является одним из ключевых факторов повышения прозрачности денежных потоков, сокращения теневого оборота, повышения эффективности финансового мониторинга и дальнейшей цифровизации экономики.

Комиссия за эквайринг представляет собой плату за обеспечение инфраструктуры приема безналичных платежей (включая оплату банковскими картами, QR-кодами и иными цифровыми способами). Ее размер формируется на рыночных принципах, зависит от объема оборота бизнеса и специфики платежного инструмента и не связан с применяемым налогоплательщиком режимом налогообложения.

Для розничного сектора, включая социально значимые объекты, порядок администрирования НДС осуществляется исключительно в рамках действующего налогового законодательства.

Обязательства по НДС регулируются в общем порядке, исходя из применяемого специального налогового режима и установленных законом пороговых значений минимального оборота, вне зависимости от формы оплаты (наличной или безналичной).

Касательно представления анализа влияния действующего регулирования на развитие национальной платежной инфраструктуры, системы безналичных расчетов, QR-платежей, мобильных переводов и иных цифровых финансовых сервисов

НБ по поручению Главы государства осуществляется последовательное развитие Национальной цифровой финансовой инфраструктуры (далее – НЦФИ), направленной на обеспечение платежного суверенитета, повышение финансовой безопасности государства и снижение зависимости от зарубежной карточной инфраструктуры.

В настоящее время НЦФИ обрабатывается порядка 90 % всего безналичного оборота в стране, включая межбанковские платежи, государственные платежи, расчеты фондового и валютного рынков.

В 2025 году в рамках НЦФИ запущены новые платежные компоненты – сервисы межбанковских переводов по номеру телефона и QR-платежей, на долю которой уже сегодня приходится порядка 34 % всех межбанковских P2P-переводов (розничные мобильные и карточные переводы) в стране, а также Платформа цифрового тенге для расчетов в национальной цифровой валюте.

Промышленный запуск данных систем в соответствии с Законом Республики Казахстан от 16 января 2026 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития финансового рынка, связи и банкротства» запланирован на 19 июля 2026 года.

Касательно учета соответствующих мер при подготовке поправок в Налоговый кодекс Республики Казахстан в случае подтверждения наличия дисбаланса

Министерство национальной экономики придерживается принципа последовательности и взвешенности при реформировании налогового законодательства.

В случае выявления и подтверждения дисбалансов, негативно влияющих на деловую активность либо развитие платежной системы, данный вопрос может быть рассмотрен на площадке Проектного офиса по внедрению Налогового кодекса при Правительстве.

Все поправки будут проходить процедуру обсуждения и согласования с бизнес-сообществом (НПП «Атамекен») на основе конструктивного диалога, защиты интересов налогоплательщиков и обеспечения макроэкономической стабильности страны.

В случае инициирования НБ поправок в Налоговый кодекс и получения положительного заключения, соответствующая инициатива будет всесторонне рассмотрена, по итогам чего будет принято решение в установленном порядке.

Вместе с тем следует отметить, что реализация мер поддержки бизнеса находится на особом контроле Правительства.

С. Жумангарин